

А.Ә.Маликова^{1*}, С.Д. Дәрібаев², А.Б. Досыбаева³

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

³Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

e-mail: ¹akjaiyk_91@mail.ru, ²samal.daribaev@gmail.com, ³dos_aitgul@mail.ru
ORCID: ¹0009-0003-0552-7653, ²0000-0002-3551-7703, ³0009-0002-0187-0692

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫғыНДАғы ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа. Мақалада 1960-1990 жылдардағы Қадыр Мырза Әли поэзиясының идеялық-тақырыптық ерекшеліктері, акынның ұлттық құндылықтарға көзқарасы, туған жерін жырлаған толғаулары, ұлттық сана-сезім жөніндегі тебіреністері қарастырылады. Сондай-ақ Кеңес дәуірі кезеңіндегі социалистік идеяның үстемдік құруынан, коммунистік партияның әдеби процеске араласуынан, шектен шыққан (цензура) шектеушіліктен, ой-пікірге салынған тұсаудан қазақ поэзиясының дамуы тежелген тұста жолсыздан жол тапқан Қадыр Мырза Әли шығармашылығы талданады. Дереккөз ретінде акынның «Дала дидары», «Күміс қоңырау», «Домбыра», «Қорамсақ», «Көкпар», т.б жыр жинақтары негізге алынып, оның көп мағыналы және ұлттық мәдени құндылықтарды қамтуы әрі өз оқырмандарына тұтындырушы екендігі жан-жақты ашып көрсетіледі. Жүргізілген зерттеу барасында шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарына назар аударылды. Тартысқа түскен заманның бір жағы көшпелі, бір жағы отырықшылыққа ауысуы, сондай-ақ өзге ұлттардың қазақ еліне келіп қоныстануы мәдениеттің өзгеруіне алып келгендігі акын шығармашылығында айқын көрініс табады. Акынның ең күрделі балалар әдебиетіне де дендеп енуі, өлеңдегі шеберлік шешімі, суреткерлік даралығы, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуі арқылы қазақ поэзиясын түрлендірілуіне қосқан үлесі зерделенеді. Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелер біріншіден, Қадыр Мырза Әли өлеңдеріндегі этномәдени құндылықтарды қарастыра мейлінше жырлағанын, екіншіден этномәдени құндылықтардың ұлт өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. Үшіншіден, өз дәуіріндегі дүниетанымы арқылы социализм шектеуінен өлеңдегі шеберлік, сөз қолдану тәсілімен шыға алуы, қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтергені анықталды. Қадыр Мырза Әли поэзиясының басты бағыты қазақ ұлтының тұнып тұрған этномәдени құндылықтары болғандықтан, мәңгілік ел болудағы ұлтымыздың болмысын сақтауда, бағдар студе және өскелең ұрпақтың патриоттық рухын солдауда бірден-бір қолданар қажеттілік болады.

Түйін сөздер. Гуманизм, этномәдени, құндылық, окказионализм, поэзия, дәстүр, халық, мәдениет.

Маликова А.А.^{1*}, Дарибаев С.Д.², Досыбаева А.Б.³

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова,
Шымкент, Казахстан.

e-mail: ¹akjaiyk_91@mail.ru, ²samal.daribaev@gmail.com, ³dos_aitgul@mail.ru
ORCID: ¹0009-0003-0552-7653, ²0000-0002-3551-7703, ³0009-0002-0187-0692

Этнокультурные ценности в творчестве Кадыра Мырза Али

Аннотация. В статье рассматриваются идейно-тематические особенности поэзии Кадыра Мырза Али в период с 1960 по 1990 годы, его взгляд на национальные ценности, произведения о родной земле и размышления о национальном самосознании. Также анализируется творчество поэта в условиях господства социалистической идеологии советской эпохи, вмешательства Коммунистической партии в литературный процесс, жесткой цензуры и ограничения свободы мысли, что в значительной степени

тормозило развитие казахской поэзии. В качестве источников рассмотрены поэтические сборники поэта, такие как «Дала дидары», «Күміс қоңырау», «Домбыра», «Қорамсақ», «Көкпар», и др., где раскрывается многозначность его произведений, охватывающих национальные культурные ценности, которые являются источником вдохновения для его читателей. В ходе проведенных исследований внимание уделялось выводам зарубежных и отечественных ученых. Переход от кочевого к оседлому образу жизни, а также приход на казахскую землю других национальностей привели к изменению культуры, что наглядно отразилось в творчестве поэта. Его вклад в детскую литературу, художественное мастерство, индивидуальность и прославление национальных обычаев и традиций способствовали обновлению казахской поэзии. Результаты исследования показали: во-первых, что Қадыр Мырза Әли в своих стихах уделял большое внимание этнокультурным ценностям; а во-вторых, насколько были важны этнокультурные ценности в жизни нации; в-третьих, его мировоззрение, сформированное в условиях социалистических ограничений, позволило ему с помощью художественного мастерства и выразительных средств поднять казахскую поэзию на новый уровень. Поскольку основным направлением поэзии Қадыра Мырза Әли являются этнокультурные ценности казахского народа, его творчество служит важным средством сохранения национальной идентичности, ориентиром на пути к вечному государству и формированием патриотического духа у подрастающего поколения.

Ключевые слова. Гуманист, этнокультурный, ценность, окказионализм, поэзия, традиция, народ, культура

A.A.Malikova.^{1*}, S.D. Daribayev², A.B. Dosybaeva³

^{1,2}Kazakh National University im. Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

³South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

e-mail: ¹akjaiyk_91@mail.ru, ²samal.daribaev@gmail.com, ³dos_aitgul@mail.ru

ORCID: ¹0009-0003-0552-7653, ² 0000-0002-3551-7703, ³0009-0002-0187-0692

Ethno-Cultural Values the work of Kadyr Myrza Ali

Abstract. The article explores the ideological and thematic features of Qadyr Myrza Ali's poetry during the period from 1960 to 1990, including his perspective on national values, works dedicated to his homeland, and reflections on national consciousness. The analysis also focuses on the poet's creativity in the context of the Soviet era, marked by the dominance of socialist ideology, the Communist Party's interference in the literary process, strict censorship, and limitations on freedom of thought—all of which significantly hindered the development of Kazakh poetry. As sources for the analysis, the poet's collections such as «Dala didary», «Kümis qoñyrau», «Dombra», «Qoramsaq», «Kókpar», and others are considered. They reveal the richness and depth of his poetry, which embraces national cultural values and serves as a source of inspiration for his readers. The transition from a nomadic to a sedentary lifestyle, along with the resettlement of other nationalities in Kazakh lands, led to significant cultural transformations—clearly reflected in the poet's works. His contributions to children's literature, poetic craftsmanship, individual artistic style, and celebration of national customs and traditions all played a role in renewing Kazakh poetry. The research results showed, that Qadyr Myrza Ali placed great emphasis on ethnocultural values in his poetry, revealed the vital importance of these values in the life of nation, and that the poet's worldview, formed within the constraints of socialism, enabled him to elevate Kazakh poetry to a new level through artistic mastery and expressive language. Since the core focus of Qadyr Myrza Ali's poetry lies in the ethnocultural values of the Kazakh people, his work serves as a vital tool for preserving national identity, guiding the nation on its path to becoming an enduring state, and instilling a spirit of patriotism in the younger generation.

Key words: Kadyr Myrza Ali, humanist, ethno-cultural, value, occasionalism, poetry, traditions, people, culture

1. Кіріспе

Жалпыадамзаттың дұрыс өмір сүре алу дағдысын қалыптастыра алатын этномәдени құндылықтар түрлі қажеттіліктерге орай сансыз өлшемдерге түсіп отырады.

Өмір сүру көріністері оңды шешімін тауып жатса, оның құндылық реттілігінің де өміршен болары анық. Ғалым М.Арынның «Бес анығын» автор сөзімен «этно-мәдениетіміздің тірегі» деп алсақ, этномәдени құндылықтарға көпшілікті бейімдей отырып, болашақ ұлт ұрпағының тектілігі сақталған бейнесін қалыптастыру әрбір азаматтың борышы екендігін түсінеміз. Этномәдениет тақырыбын зерттеушілердің бірі профессор Ж.Наурызбай «Этнос мәдениеті – ассимиляциядан, араласып кетушіліктен сақтайтын механизм, күштердің өрісі...» деп анықтама берді. Сондықтан, жоғарыда аталған этномәдени механизм сақталмаса, ерікті және мәжбүрлі түрде ұлттың жойылуына немесе басым ұлтқа жұтылуына әкеледі (Қоңырбаева, 2016: 9-46).

Қазақ әдебиетінде отаршылдыққа жұтылмау, ұлттық болмысымызды сақтап қалу жолындағы күрес Алаш дәуірінен бастау алады (Osken, Qamzabekuly, Nuriman 2024: 33-66). Ішкі сезім мен ақыл-ойдың үйлесуін және сол арқылы адамның әрбір әрекетін белгілейтін этномәдени құндылықтардың көрінісі 1960-1990 жылдардағы қазақ поэзиясында да орын алды. Солардың бірі Қадыр Мырза Әли өз шығармашылығында өзінің ұстаным ұстыны етіп «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – Домбыра!» деп айшықтай отырып, этномәдени құндылықтарымызды, көне түркіден бастау алған ұлттық бірегейлігімізді, ғасырлар ырғағымен қалпына келген рухани сана еркіндігін айқындап, қазақ халқының ұлттық кодын ұсынады. Жазушы Мұхтар Әуезов «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» мақаласында Қадыр Мырза Әлидің ақындық шеберлігі туралы сөз қозғап, «Жалпы лирика туралы, қорытып айтқанда, біздің әдебиетке мәдениетті ақындар, оқыған ақындар келе бастаған» деп сипаттама берген (Әуезов, 2014: 101). Жиырмасыншы ғасырдың ортасы қазақ халқының санасындағы өзгеріске толы шағы болғанымен, кеңестік идеологияның шырмауынан толық арыла алмағанын жақсы білеміз. Тіпті қазақ әдебиетшілерін цензураға түсіріп, тұсауласа да, қазақ ақын-жазушылары түрлі құйтырқы кедергілерге қарамастан өз ұлтының мәдени құндылықтарын астарлы түрде іске асырып, өз қажетіне жарата білсе, Қадыр Мырза Әли де өз шығармаларында қазақ халқының өмір салтын, олардың үлгі боларлық дүние танымын, бай тілін, жалпы психологиясын бейнелей алды. Сонымен қоса, бүгінгі таңда қолданыста жоқ этнографиялық бұйымдарды да өлеңіне арқау етіп, оны адамдарға жақын, бірге жаралғандай біртұтас дүниеге айналдырады. Ақынның осылайша қазақ поэзиясына кең тыныс әкелгендігі, қазақ ұлтының менталитетін айқара ашып көрсетуі әсіресе ұлттық құндылықтарға баса назар аударғанымен, өлендері өміршен. «Кеңестік дәуірдегі әрбір ақынның бойында белгілі бір өсу процесі болды. Ол мінез жағынан, ойдың, таным жүйесінің кеңдігі тұрғысынан өлең өлкесінде өріліп, өрбіп жатты. Ұрпақтың бойындағы ұлттық мінез халықтың салт-санасы, ұлттық дәстүрін сақтауы арқылы танылады» (Карбозов, 2023: 197). «Әр халықтың қаламгерлері өз ұлтының тағдырын, өмірін жазуға тырысты. Әдебиет ұлттық категория боп қалды. Бұл жағдайлар партияны әрқашан сескендіріп келді. Сондықтан да олар әдебиеттің бетін бүгінгі заманды мадақтауға бұрып, тарих тақырыбынан алыс ұстауға тырысты» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 12).

Жоғырада көрсетілген тақырыптың өзектілігі мен түрлі мәселелер бойынша жазылған мақаламыздың зерттеу нысаны ретінде Қадыр Мырза Әлидің 1960-1990 жылдары жарық көрген өлеңдері алынып отыр. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде әлем әдебиетінде танымал зерттеуші ғалымдар А.Э.Измайлов, Л.И.Гриценко, Ж.Зидан, Н.Смелзер, С.И.Гессен, Э.Кассирерлер мен қазақ әдебиетіндегі етене таныс ғалымдар М.Арын, С.Қоңырбаева, М.Бұлұтай, Ж.Наурызбай, С.Қасқабасов, А.Сейдімбеков, С.Нұрмұратов, С.Нұрахметов, Ж.Сұлтанғалиева, Л.Еспекова С.Нұрмұратовтардың ғылыми зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Қадыр Мырза Әлидің қазақ поэзиясындағы тіл, дін, дәстүр, әдет-ғұрып, мораль, тарих, атамекен, жер-су мәселелерін сипаттау, суреттеу тақырыптарын терең игеріп, шеберлікпен жырлағанын анықтау мақсатында алдымызға мына міндеттерді қойдық:

- шығармаларының тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерін айқындау;
- ақын жырларынан ұлтты ассимиляциядан сақтайтын механизмдерді көрсету;
- ақын поэзиясында көрініс тапқан өмір сүру тәсілдерін саралау.

Ұлттық құндылық мәселесі ғасырлар өтсе де, тамырын тереңге жайғандығымен айқындалып, бүгінгі күнге дейін халқымыздың қажеттілігінен түспей келе жатқан әрі мәңгілікке бағыт алған өміршең тақырып болғандықтан, Қадыр Мырза Әли өлеңдерінің ұлттық мінезге толы, қарқынды қайнарға айналғандығымен құнды болып отыр (Ғабитов, 2005: 22-300).

2. Зерттеу материалдары мен әдістері

Ақын өлеңдерінен қазақ ұлтының жойылып кетпеуіне, болмысынан ажырап қалмауына бағытталған кеңістіктегі белгіленген қозғалысы байқалады. Ұлтты ассимиляциядан сақтайтын күштердің өрісінен құралған құндылықтарымыздың көріністері Қ.Мырзалиевтің «Данышпан», «Ой орман» (1965), «Дала дидары» (1966), «Ақ отау» (1968), «Күміс қоңырау» (1970), «Домбыра» (1971, 1974, 1979), «Жерұйық» (1976), «Қорамсақ», «Көкпар» (1981) жыр жинақтарында кездеседі. Қазақ поэзиясындағы Қадыр Мырза Әли шығармашылығында өз ұлтының мәдени құндылықтарын ұғындыруы – негізгі ұстанымы. Сондықтан да ақын өз ұлтының түп тамырына бойлап-ақ діттегенін айта алды. Мұндай бағытты ұстануы кеңестік дәуіріндегі идеялогияға қарсы шығумен бірдей екендігімен белгілі. Дегенмен Қадыр Мырза Әлидің қиыннан қиыстырған әрбір өлең жолдарын өз ұлтының дәстүрлі салты арқылы сезіксіз символ ретінде астарлы ой өрбіткен. Социалистік реализм шеңберінде жүрген болып, ұлт болмысын қалыптастыра алған. Мұнысы ақын лабораториясының жан-жақтылығы мен көне заманға бойлай алғандығын көрсетеді. Күлтегін, Тонкөк ежелгі түркі руна жазбаларының табылуы ақын шығармашылығына арқау болғандығын және ақынның түркі руна жазбаларының әдеби нұсқасын жасау істерін тәуелсіздік жылдардан кейінгі еңбектерінен толық көре аламыз.

Қадыр Мырза Әлидің шығармаларында ұлттық идея, туған жер, ұлттық сана-сезім, ұлт тарихы туралы туындылары сарапталып, халықтық болмысқа құрылған танымдық ойлар мен өршіл рух, ұлттық тәрбие мәселелері талданады. Қалтарыста қалған ұлттық құндылықтардың Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы көрінісін

зерттеу бүгінгі тәуелсіздік талаптары туғызып отырған жаңаша жол тұрғысында сараланады. Теориялық зерттеу барысында ұлттық құндылықтардың көркемдік жүйесін жасап, ой-тұжырымдар жасау үшін салыстырмалы-салғастырмалы, тарихи-функционалдық, көркемдік талдау, жүйелілік-құрылымдық әдіс-тәсілдер қолданылды.

3. Әдебиеттерге шолу

Этномәдени құндылықтар мен мәдениет, құндылық тақырыбына қатысты мәселелер ғалымдар тарапынан әлі де зерттеуді талап етеді. Қазақ ғалымдарынан М.Арын, Ә.Сайран, С.Қоңырбаева, Н.Сайлауова, М.Бұлұтай, Ж.Наурызбай, С.Қасқабасов, А.Сейдімбековтердің бүгінгі таңға дейін елеулі еңбектерді жарыққа шығарғандығын ескерген де орынды.

Қазақ поэзиясы мәселелері Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Т.Әбдірахманова, М.Базарбаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев және өзге ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Ал біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған Қ.Мырза Әли шығармашылығына қатысты З.Ахметов, Ә.Нарымбетов, Х.Әдібаев, Ә.Кекілбаев, З.Қабдолов, Т.Ибрагимов, З.Серікқалиев, С.Сейітов, А.Егеубаев, Х.Ерғалиев, Б.Ыбырайым С.Ержанова, т.б. белгілі қаламгерлердің зерттеулерін және ақын шығармашылығына арналған диссертациялық еңбектерін кездестіреміз. Алғаш рет 1994 жылы қорғалған С.Нұрахметовтың «Қадыр Мырзалиевтің ақындық шеберлігі» тақырыбындағы диссертацияда ақын шығармашылығы қазақ поэзиясының даму деңгейімен салыстырыла зерттелінсе, «Қазіргі қазақ лирикасындағы мінез мәселелері (Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, Қ.Мырзалиев творчестволары бойынша)» (1998) тақырыбындағы Ж.Сұлтанғалиеваның еңбегінде Қ.Мырзалиевтің дәстүрі мен жаңашылдығын, шығармашылық ізденістерін, ұлттық ерекшеліктерін ғылыми теориялық тұрғыдан зерттеп, «лирикалық мен», «лирикалық қаһарман» ұғымдары, олардың эстетикалық шекаралары туралы қорытындылар жасалған. Қадыр Мырза Әли поэзиясын зерттеген Қ.Тілеубердиев «Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы табиғат және экология мәселелерінің көркемдік шешімі» диссертациясында өз кезеңіне дейін қазақ поэзиясы туралы жазылған зерттеу еңбектерде сұлу табиғаттың экологиялық апат алдындағы жай-күйі сирек сөз етілгенін алға тарта отырып, экология тақырыбына тереңдеп бару себептері мен оны көркем бейнелеуінің негіздерін анықтап берген. Ал Ш.Жанаеваның «1960-1980 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ.Мырза Әли шығармашылығы» (2007) тақырыбындағы диссертациясында кеңестік дәуірдегі балаларға арналған шығармалар кеңестік идеологияның талаптары бойынша ғана жазылғандықтан, шығармаларды бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарауды қарастырған.

Қадыр Мырза Әлидің өлеңдері бүгінгі күнге дейін зерттеліп, арнайы диссертациялық еңбектер мен ғылыми мақалалар жазылғанмен, поэзиясындағы этномәдени құндылықтар туралы мәселе толық қаралмаған.

4. Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазақ халқының уақыт ырғағымен ғасыр көшінің керуенінде өзгеріп қайта түлеген рухани болмысына тән этномәдени құндылықтары даму сатысында. Өйт-

кені заман талабының тартыс-талапайына түскен, бір жағы көшпелі, бір жағы отырықшылыққа ауысуы, сондай-ақ өзге ұлттардың қазақ еліне келіп қоныстануы әсер етіп, мәдениеттің біршама өзгеруіне алып келді. Бір ұлттан екінші ұлттың үйренуі, «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» қағидасы қалыптасып, мәдениеттің өркендеу процесі жүрді. Алайда қазақ елі өзінің қалыптасқан, қанына сіңген салт-дәстүрі мен ғұрпынан, құндылықтарынан айырылған жоқ. Қайта бұл этномәдени құндылықтарының өміршең, уақыт өткен сайын айшықтала, анықтала түскенін байқаймыз. Әр ұлттың этномәдени үрдістері мен құндылықтарын сақтаушылар, қорғаушылар, өзінен шыққан гуманистері болған (Amankulova, 2024: 211-219). Айтарлықтай үлесі бар, «жар құлағы жастыққа тимей» ел аңсарын алдыға қоятын көп жағдайда ақындар болмақ. Адам адамгершіліктің ең жоғары құндылықтары – ар-ұят, адалдық, еселі еңбек, махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген қажеттіліктер арқылы руханилыққа жетуге ұмтылады. Руханилықтың көмегімен адам мәдениет әлеміне еніп, өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, дамыған үлгіні ұсына алады. Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзіктігімен қоршап, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік қабілетімен дараландырады. «Байқағанымыздай, этномәдени бірліктер өз бастауын көне түркілік танымнан (наным-сенім, тотемдік, тәңіршілдік түсініктерден) алады. Содан өрбіген қазақы дүниетанымнан материалды және рухани мәдениет өзге ұлтта кездеспейтін этникалық дүниенің бейнесін қалыптастырады. Осылайша қазақтың құндылықтары тілдік жүйенің астарында, мәдени атаулардың символдық, магиялық, мифтік мазмұнымен сақталады» (Назарбекова, 2022: 45).

Ұлттық әдебиетімізде дәстүрді жаңа мазмұн, философиялық терең ой, тың бейнелермен байытқандардың бірегейі – ақын Қадыр Мырза Әли (Мырза Әли Т.І, 1989: 6-7). «Шығармашылығына зер салғанда, аңғарылар айтулы, анық сипат – ақынның үнемі ой айтуды, ойландыруды мақсат етуі» (Ыбырайым, 2022: 280). Ақынның өлеңдері әмбебап әрі көп мағыналы және мәдени құндылықтарды жасаушы, оны өз оқырмандарына тұтындырушы ретінде байқаймыз. Ақын туындылары соншалықты айқын, рухани азық етушілерге кейде афоризм күйінде қабылданып, көкейінде жатталып қалады. Мәдени болмыстың тірегі қарым-қатынас екені белгілі. Ал ақын өз оқырмандарымен қарым-қатынасты орнатуды өз шығармаларына жүктеген. Бұл ақынның өзінен гөрі халық арасында өлеңі көп айтылады.

Поэзия – көркемдігі шексіз жұмбақ дүние. Ал сол жұмбақты шешу, оны әмбеге өлең арқылы таңырқатып, тамсандырып жеткізу ақынның міндеті. ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінің поэзия жанры үшін жаңа бетбұрыстар мен ізденістерге толы және тың тақырыптарға ойысу беталысы басталды. Себебі қоғамдағы өзгерістер мен дамудың ықпалынан туған заңдылық болса керек-ті. «Жас таланттар қазақ әдебиетінің ауыр жүгін арқалап келген аға буын өкілдерімен ынтымақтаса, бірлесе әдебиеттің жаңа міндеттерін шешуге қатысты. Саяси-әлеуметтік жағдайдағы өзгеріс, қаламгерлер ортасының ынта-ықыласы жаңа шығармашылық еңбекке жол ашты, тың ізденістерге бастады. Әдебиетшілер ортасында бұл дәуір

«жылымық» (И.Эренбургтің осы аттас повесінің атымен) деп аталды» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 10-11).

Қоғамдағы аласапыран арпалыстан соңғы күйреулерді қалпына келтіруге арналған жылдар әдебиетті де сілкініс жасатып серпілтпей қоймады. Бұл, әрине, Кеңес елінде ғана емес, күллі өзге елдерде де әсіресе Еуропа, Азия елдері әдебиеттерінде мүмкіндігінше толымды тақырыптарға айналды. Қазақ поэзиясы осы кезеңдерден қалыс қалмай, әлемдік әдебиеттегі үлкен ауқымды ізденіс заңдылықтарына үндес шығармаларымен көлемін кеңейтті. Ұлттық лириканың адамзаттың қайғы-мұң ауқымындағы ерекше тебіреністерін суреттейтін шығармалар жазылды. Өмірдегі зұлымдық пен адамшылық арпалысқан алмағайып күндерінің шындығы қазақ поэзиясында адамдардың күйзелісін, ауытқу құбылысын нақты да терең шынайы жырлаған туындыларды әкелді. Қазақ өлеңдері тақырып жағынан да, көркемдік келбеті жағынан да жаңғырып жанданды. Жаңа сарындар әсіресе шетел өмірі, әлемдік толғаныстардағы тақырыптар ұлттық поэзия тынысын аша түсіп, жаңа бір леп аңғартқан еді (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 29-30).

Алпысыншы жылдардың соңы мен жетпісінші жылдардың кезеңінде поэзия туындылары өзінің көркемдік деңгейінің өсуі мен өткір де ұшқырлығымен халық ішіне кең таралып, ел арасында аса зор ықпалға ие бола бастады. Бұны поэзияны әдебиеттің бекем бітімді, зерлі сөз ретіндегі ұтымды сипатынан туындады дегенімізбен, қазақ жұртының ежелден-ақ өлең сөзге деген құштарлығының арқасында демеске лажымыз жоқ. Сол жылдар легіне ілесіп жас ақындар шығармалары да жүйелі түрде көптеп жарық көре бастады. Ал олардың туындыларын оқып, бағалау, қолдау дәстүрі де жалғасын тапты. Жаңа есім, жас ақындар болып келген қалам иелеренің бірсыпырасы кейіннен ірі тұлғалы қалам қайраткерлеріне айналды. Атап айтар болсақ, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, С.Жиенбаев, Е.Ибрагим, Ш.Мұхамеджанов, М.Мақатаев, Қ.Сарыбаев, Ә.Абайділданов, І.Мәмбетовтер болып тізбектеле береді.

Марксизм мен ленинизм идеологияларымен қаныққан Кеңестік социалистік мемлекет өз мүддесін ғана алдыға қойып, партияны жырлау, билеуші жеке басқа табынушылықты үдету, индустрияны дамыту мақсатында табиғатқа тағылық жасауды жоспарлап іс жүзіне асырды. Этномәдени құндылықтарын біртіндеп жоюға немесе әлсіретуге әрекеттенді. Тоталитарлық жүйе ұлттық мәдениетті тоқырауға ұшыратып, әдебиет әлеміне сауықтық, ұраншыл мәдениетті тықпалады. Адамдар бұрынғы адамгершілік және интеллектуалдық қасиеттерінен айырыла жаздап, ұлттық құндылықтарынан жұрдай бола бастады. Кеңестік кезеңде 60-жылдары «жылымық» атауымен енген еркіндік біршама ақын жазушылардың бауырын жазғанымен әйгіленді дейміз. Осы жылдары басталған лирикалар ерекше тың тебіреніспен жаңарып, жетіліп, өлең мәдениеті өркендеді. Дәуірдің осы бетбұрыстарын аңғарып, халық және қоғам алдындағы азаматтық болмысын шабытпен атқаруда ақындар алдыға шықты. Олар өздерінің жадында жатталған тарихы мен ұлттық құндылықтары қамтылған өз кезеңіндегі өмір тәжірибесін қолданып, шындықпен сабақтастыра жаңаша

жырлады. Мұндай сипатта белсенді көрініп, оқшауланған ақын Қадыр Мырза Әли болды. «Туған жер туралы толғанысты оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойлармен ұштастыруда Қ.Мырзалиевтің ізденістері өте бағалы» (Қирабаев, 1998: 129).

«Қ.Мырза Әли – ең алғаш өзінің шығармашылық жолын балаларға арнап өлеңдер жазудан бастаған ақын. Ал, балаларға арнап шығарма жазудың өзіндік ерекшелігі, көптеген қиындықтары бар» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 664). Қадыр Мырза Әлидің өз шығармашылығында балалар әдебиетіне келуі кездейсоқтық емес. Кемшінге айналып, қазақ ұлтының қасіретіне бой алдыра бастаған ананың ақ сүтімен бірге келген ана тіліміздің және салт-дәстүріміздің, ең маңызды құндылықтарымыздың жойыла бастауын тоқтату үшін ең біріншіден балалар әдебиетінен бастау қажеттілігі туындаған. Әдебиеттің бұл саласында ақын көп еңбектеніп, балаларға арналған өлеңдерімен және оны оқыған балалардың қоршаған ортаны қабылдаудың әрі патриоттық сезімдердің қалыптасуының өткірлігіне әсер ететін жеке қабілеттерінің, эмоционалдық және моральдық қасиеттерінің одан әрі жетілуіне ықпал жасады. Балалардың ғылыми дүниетанымдарының негіздері мен мінез-құлық, алуан түрлі көріністегі әлемге деген көзқарастың, танымал тәсілдерінің негіздерінің қалануына қолайлылық тудырды. Балалардың туған үйіне, туған жеріне деген борышын өтеуді, жауапкершілік, жақындық сезімін, өз Отанын қорғауын, ұлттық дәстүрді сақтауын үлгілеп үйретті.

Қадыр Мырза Әлидің балаларға арналған өлеңдеріне талдау жасауды мақсат тұтпадық. Кез келген өнер иесінің шығармашылық жолда қайта оралып, соғар алтын қазығы оның бала кезден санасында сақталған құбылыстар екендігін көп зерттеушілер айтқан. Қадыр Мырза Әли балаларға арналған өлеңдерінде фольклорлық көне ырғақ желілерін ұтымды пайдаланғаны – мұнда ол балалардың санасында көне мақамның ұялауын қалаған.

Әлемдік мәдениеттанушы танымал кейбір ғалымдардың тарихи-мәдени типтерді санағанда немесе көрсеткенде, түрік халықтары көрінбей қалады. Оларға келгенде варварлар, түземдіктер, көшпенділер деп біржақты қарап сыңаржақтанады. Осы бір қынжылысқа қарымта қайтарғандай құрық пен семсерді герб етіп, «Асанқайғының зарын», «Домбыра», «Асау», «Бәйге», «Көкпар», «Қыз куу», «Көш» т.б. өлеңдерімен өршеленеді. Технология қаншама дамыса да, әлі өзгермеген екі сала бар. Оның бірі поэзия да, екіншісі кескіндеме өнері. Кескіндеме өнері әу бастағы кенеп, майлы бояу, қылқалам бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз жетіп отыр. Осы сияқты қазақ халқының атам заманғы домбырасы мен бесігі әлі де қолданыста. Қадыр Мырза Әли де осыны нақтылап айтады. Дәстүр сабақтастығының селкеу түсірмес пайдалы екенін, әрі өскелең ұрпаққа кешегісін бүгін де қолдануға «код» ретінде ескертіп өтеді. «Домбыра» кітабындағы жалпы құрылымдық тұтастық көп көңілін бірден аударды. «Домбыра» болған соң, оның ішек, пернелері болуға тиіс. Міне, шартты түрде, сол екі ішекті – екі бөлім; пернелерін – табиғат-жаратылыс; адам-адамзат; арман-үміт; бейнет-зейнет; той-тамаша; уақыт-мезгіл деп, тараулар ретінде алған. Бәрі де алдын-

ала жобаланған, кесімді» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 43). «Қадыр – негізінен ұлттық ақын. Ұлттық ақын болғанда қазақ халқының ақыны. Оның туған халқының арғы-бергі өмірі, тіршілігі туралы (бүге-шігесіне дейін) жазған өлеңдері өте көп. Сол өлеңдердің барлығын жинақтап айтсақ, қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге де болады» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 670). Ақын ұлттық құндылықты алтын тақтан да биік қояды.

Атамыздың асынан
Үлкен емес тақ биік,
Жыланның да басына
Шығарған ол ақ құйып, (Мырзалиев Т.2, 1989: 137) –

деп, дұшпаны болса да қаскөйге қастық қылмайтын қазақтың болмысын бейнелейді.

Қадыр Мырза Әли қазақтың ұлттық тілі өлең, өлеңсіз сөздің де қуатты болмайтынын ұғындырып, әр қазақтың өлеңмен өсіп-өнгенін меңзейді.

Жігіттен түзде түлеген
Қалайша бір жыр шықпайды?!
Қазақтың ұлттық тілі – өлең
Өлеңсіз сені ол ұқпайды (Мырзалиев Т.2, 1989: 142).

Ақын шығармашылығындағы көркем дүниенің құндылығы сүрінгенге сүйеніш, адасқанға айқын жол, табансызға таяныш, жігерсіздің жанын жандандыру болуында. Бұл жағдайда ақын да өз мәресіне жетіп, өмір мен өнерді жымдастырып жылылық таныта алады. Ақын өз позициясын ашық түрде, арман түрінде жариялайды.

Қамын қойып кәдімгі қара бастың
Жыр майданға мен қашан араластым!
Шіркін сөзім
Елдерде адам асқан
Қиып түссе арқанын дар ағаштың (Мырзалиев Т.3, 1989: 135)

Ақын жыр майданға араласып кеткенін «жыр майданға мен қашан араластым» деп өзіне өзі сұрақ қою арқылы және де өз сөзінің адамзатқа қиянат келтірушілерді қиып түссе екен деген арман райындағы жолдармен «аңдушы биліктің» күмәнін сейілтіп отырады. Бірақ анығында ақын жырдан майдан ашып, қиянатшыларды қиып түсер қылыш сөздерімен оңды-солды сезілмейтін серпінмен түйрегені белгілі. Табиғат, халық ақынмен бірге.

Мекенімсіз, жұртымсыз
Қайда қалам?!
Ақын болып бірдеме жазарымда
Халық болып алдымен ойлап алам! (Мырзалиев, 1991: 20)

Ақын өлеңдерінен көңілі жабыңқы, зар-шерлі қайғы басқан шумақтарды кездестірмедік. Бірінен соң бірі кездескен өршіл рухқа құрылған сөздер.

Адасқандар тапса екен деп бір-бірін,
Өр өлеңге бір-бір алау ұстатам (Мырзалиев Т.1, 1989: 141)

Ақын ұлтты ұлықтаудан әсте жалықпайды.

Енді міне
Тетіктерін нық бұрап
Трактор боп гүрілдейді құт қырат.
Ата-баба мықты еді ғой
Мықты еді
Ұрпағы одан болу керек мықтырақ! (Мырзалиев Т.3, 1989: 139).

Қазақ болмысының тектілігін, қазақтың кім екенін, құндылық қағидаттарын ескере отырып, бұрыннан бар ата-бабаларымыздың өсиеттерін қайта жаңғыртады.

От ішінде
Өрт ішінде күйгенде
Басыңды име
Тізе бүкпе
Именбе!
Ұл еңкейсе еңкейеді
жалғыз-ақ
Туған жердің топырағын сүйгенде (Мырзалиев Т.2, 1989: 33).

Ендеше бізге байқалғандай ақын Қадыр Мырза Әли өнерінің бес тереңдігі бар. Олар: ұлттық үрдіс, салт-дәстүр, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық ұғым. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, дағды, ғұрып – адам мінезі мен тіршілігі. Демек, ұлттық дәстүрдің өзгеруі мен жоғалуы мүмкін емес. Уақыт өтіп, қоғамдар ауысса да, қалпы мен тұрақтылығын сақтайды. Қайта адам мінезіне байланысты түрленіп, түзіліп отыратыны даусыз нәрсе.

Кеңес мемлекетінің қазаққа жасаған нәубеттері, қыастықтары, бұра тартқан бұрмалаулары, ұлттық нақыштарды айғыздаулары, айтқыштарды ауыздықтаулары бір сәтке болса да тоқтаған емес. Қайта дамытылған, елеусіз кейіп танытатын салқын саясаттар халық арасында оның ішінде ақындардың алдын орап отырды. Сынық ойлы сыншылар ұлттық шығармаларды ұясында тұншықтыратын цензура пәрмені ақындардың немесе жазушылардың еркін түрде жазуына кедергі келтірді. Мұндайдан амалдап шығу, қалай болғанда да өз ойын халыққа жеткізу мақсатында да ақын Қадыр Мырза Әли өнердегі өз тәсілін, өз шеберлігін тапқан. Ақынның өз сөзімен алсақ «шындығымды өткізу үшін аздап өтірік қостым» дегені бар.

Жоғарыда айтылған кедергілерден өту үшін ақын өз өлеңінің бірін «жақсысы мен жаманы» деп алады (Мырзалиев, 1989: 253). «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» атты ел аузында жатталып кеткен атақты өлеңінде ол қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған ұлттық әдет-ғұрпын, мінез-құлқын, психологиясын, экономикалық, әлеуметтік, саяси бейнесін тарихи шындыққа сай үлкен көркемдік шеберлікпен суреттеп берді», – дейді зерттеуші Ә.Нарымбетов (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 670). Осы тұста ғалым Б.Ыбырайымның мына пікірін келтірсек: «Мысалға алынған өлеңдегі бабамыздың, яғни халқымыздың қонақ-жайлығы, батырлығы, еркіндік сүйгіштігі секілді қасиеттері де, сол сияқты кемшіліктері де – баршаға аян шындықтар. Сол қалпында тамсана айтып, толғап шықса, өлеңнің эстетикалық қуаты көп әлсірер еді. Алайда ақынның тапқырлығы – ұнамды және ұнамсыз ерекшеліктерді бір-біріне қарама-қарсы қойып, бірін ардақтап, екіншісін сынға алуында». Ғалым ақын өлеңінен өз кемшілігін көрген оқырманды ойландырады, арадағы қайшылықтарды аңғартады дей келе, «Міне, осы арада Қадыр Мырза Әли шығармашылығына тән көркемдік сипаттар тағы да айқын нышан танытады. Бірі – ақынның тапқырлығы, екіншісі – ойын өткір, айқын да шоқтықты жеткізу үшін қарама-қарсы қою, яғни контраст тәсілін шебер қолдануы» деп ақын шеберлігін сөз етеді (Ыбырайым Б., 2022: 286). Ал біздің пайымдауымызша бұл жерде ақынның жаман деп отырғанының өзі жақсы. Байтақ далада ғасырлар бойы ғұмыр кешкен бүтін бір халықтың мінез-құлқын суреттейді. Біз бұл жерде ақынның жаманына ғана тоқталсақ. «Бір жаманы – тынымсыз көше берген», иә сонау сақ, ғұн дәуірлерінен бастау алып, мал жайымен көшпелі болғаны – ақиқат. Мұны жаман дей алмайсың. «Бір жаманы – жел сөзге ерген екен», бұл да шындық. Қазақтың құйма құлақ болғаны рас. «Бір жаманы – кетпенге орашалақ», қазақ жартылай көшпелі, жартылай отырықшы болғаны тарихтан мәлім. Егін шаруашылығы аз болған соң, екінші бірін диқан дей алмайсың, жаман деуге келмейді. «Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан», мұнда кириллицаны айтып отыр. Ал қазақтың түп тамыры түркіге тірелер Күлтегін әліппесіне мұрагерлігі бар. «Бір жаманы – қыздарын малға сатып», қызға қалың мал төлеу барлық халықта кездеседі. Бұл қыздың құнының бар екенін көрсетеді. Қазақтағы «қалың мал» төлеу әдет-ғұрпы әлі де бар, құнын жоймаған ұлттық құндылықтың бірі. «Бір жаманы – шаруасын мандытпаған», иә, Кеңес мемлекеті кезеңінде жүйесіз жоспарлармен шаруаны мандытпағаны, іштей қарсылық болғанын байқаймыз. «Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне», бұл, әрине, салт-дәстүрде бар, әменгерлік жолы. Бұл ғұрып маңыздылыққа ие. Қазіргі таңда күшін жойған. Бұл дәстүрдің жойылғаны, жалғыз бастылық, жесірлік, жетімдік проблемаларын өршітіп тұр. Бұл әдет-ғұрыпты да жаман деп бағалай алмаймыз. «Бір жаманы – сонда да үй салмаған», қазақ ұлтының дүниеге қызықпайтынын, еркіндік сүйгіштігін меңзеген. Мұны да жаман деуге келмейді. Ақын біршама зерттеушілердің айтқанындай «қарапайым сөздер» емес, ұлт ұғымына үйреншікті сөздерді іріктеп алады. Ақынның жырларына тән ерекшелік – антонимиялық құбылыстарды салыстыра, жарыстыра қолдануы. Ал біздің көп жағдайда бағдар етіп ұстанар орыс әдебиетін

тану ғылымында антонимдердің өлендегі қолданысына зерттеушілер аса тоқтала қоймаған. Салыстыра бағамдасақ, орыс ақындарына қарағанда қазақ ақыны Қадыр Мырза Әлидің антонимдерді құлпырта қолданғанын аңғарамыз. «Қадыр көптеген өлендерінде арасы кереғар құбылыс, ұғымдарды жақындастыру, шендестіру арқылы қуатты поэтикалық әсер тудырады. Поэтикалық астар жасайды да, оны ұтымды шеберлікпен шешеді» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 445).

Ақынның тағы бір айрықша қабілеттілігінің бірі – өз өлендеріне окказионализмді сөздерді де қолдана алуы. Окказионализм – автордың тілдік нормадан өзгеше оқырманға эстетикалық әсері жоғары сөз қолдану тәсілі. Қадыр өлендерінде окказионализм сөздерге көп жол ашылған. Олар: қозы-сезім, дәуір-қайғы, ескерткіш-жыр, тұлпар-қиял, тағдыр-дауыл, жұлдыз-ой, қария-күн, үкілі-ой, қылыш-Ай тағы басқа болып жалғаса береді. Бұл сөздер қазақ әдебиеті қорындағы сөздерді кемелдендіре түскені, тілдегі ұлттық құндылығымызды арттыра түскенін айтқымыз келеді (Кішібеков, 1999: 13-1586).

Еншімізге берілген ұлан-ғайыр жеріміз бен шетсіз, шексіз даламыз бар. Бұл байлықтан айырылу қасірет әрі қазақтың жойылуымен тең. Осыны аңғарған ақын.

Уа, Туған жер, көңілдің сенсің терең төрінде,
Сені ғана жоғалтқан – жоғалтады бәрін де! (Мырзалиев Т.1, 1989: 84).

Қадыр Мырза Әли лирикаларынан ұлтының бітім-болмысы, қанға сіңген қасиеті, қала берді салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары біртіндеп алма кезек еске салып отырады. Мұнысы өз ұлтының ұлылығын, түп төркінінің тіл жетпес ғажайыптығын болашақ ұрпақ ұмытпаса екен деген аманаты екенін ұғынасың.

Ол өз қазағын және өзін:
Омырауы өртенген от деміне
Өкінсем де елімнің өткеніне
Мен халқыма тартқанмын
Құдайға емес,

Шаршағанда сүйенген кетпеніне (Мырзалиев Т.2, 1989: 123) – деп, әр сөзін нық, шешімді түрде, батыл, күмәнсіз айту арқылы, қазақ ұлтының ғасырларды артқа тастаған тарихына бойлай енеді. Өз халқының от деміне өртенген сүйген елінің еңбекқорлығын, құдай да қаперіне кірмей, шаршағанда кетпеніне сүйенетіндігін әдемі колоритпен кең тыныста ашық айта алады.

«Құдайға емес» сөзі оқырманды селт еткізіп, бұл ақын атеист екен-ау деген ой туындатуы мүмкін. Алайда ақын құдайға жақындағың келсе, бірінші еңбегіңмен таныл дегенді меңзейді. Өзбек халқының символы – кетпен. Босағасына кетпенді сүйеп қояды. Ал қазақ халқының да кетпенді қасиетті құрал-сайман ретінде қабылдағанын, өз өмірінің сүйеніші болғандығын аңғарамыз. «Оның шығармаларының тақырыптары да әр алуан. Алайда, өлеңін қай тақырыпқа арнаса да, Қадыр ақын негізгі нысанасы адамды, оның еңбегін, дәстүрін, тұтастай тұлғасын танытуға ұмтылады. Бұл – бүкіл

әдебиеттің тақырыбы екені де рас. Алайда, ақын біткеннің негізгі тақырыбы ортақ болғанмен, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі де болатыны даусыз» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 665).

Қылышпенен кіндігін кескен қазақ

Кескен кейін тұсауын кетпенменен (Мырзалиев Т.2, 1989: 126), – дегені де сөзімізді дәлелдей түседі. Қазақ халқының «кіндік кесу», «тұсау кесу» сынды қолданыстан шыға бастаған салт-дәстүрлері де ақын өлеңдерінде бірінен соң бірі тізбектеледі. Кіндігін қылышпен кессе, онда ол халықтың батырлары көп болғаны, ал тұсауын кетпенмен кессе, еңбекті ұлық санаған диқаншыларының көп болғаны. «Еңбек – адамдарды, халықты өсіретін, алдына қойған арман-мұратына жеткізетін құдірет күш екенін Қадыр ақын шығармаларында жеткізе айтқан» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 665). Ақын ұзағынан толғамай-ақ аз сөзімен тұрақты сөзге айналдырып тұжырымдайды.

Ақын өзін айтуы арқылы халқының шаттығы мен қуанышын, мұңы мен мұқтажын айтады.

Мен – Еңбектің кәдімгі бел баласы

Адам-ата асырап алған кейін (Мырзалиев Т.2, 1989: 129) – деп еңбек тақырыбындағы өз ұлтының мәдени құндылықтарына назарыңды аударады.

Бағзы заманнан қалыптасқан отбасылық қарым-қатынасты, ондағы шуақты шақтардың ыдырай бастағанын ақын ерте аңғарады. Жылдам уақыттың да келе-келе адамзаттың өміріне селкеу түсіретінін, әр ұлттың мәдени құндылықтарын кейінге ысыратынын анық айтады.

Енесі келіннің де – өзін, уақыт,

Әйелді біздер алып,

Сен жұмсайсың! (Мырзалиев Т.2, 1989: 156).

Міне, ене мен келін арасындағы шынайы сүйіспеншіліктегі қарым-қатынастың да уақыт ырғағымен өзгере бастағанын, айтар ақылың мен берер тәрбиеңнің немесе сырласар, ақылдасар кезеңнің де көзден бұл-бұл ұша бастағанын ақын аңдаған.

Әжесі сәбидің де – өзін, уақыт,

Оны да біздер тауып,

Сен бағасың! (Мырзалиев Т.2, 1989: 156).

Ертегі айтар әжелердің бүгінгі таңда азайып кеткені өкінішті. Бұл құндылықтардың жойыла бастағанын ақын «уақыт» деу арқылы сол уақыттың ішіндегі өзімізді кінәлап отыр.

Қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелер, адамдардың қарым-қатынасындағы елеулі құбылыстарды, қауым алдындағы терең жауапкершілік сезінгендігі ақын

шығармаларының мазмұны болып саналады. Ақын өлеңінің қуаттылығы, өмірден алған құбылыстар әсерін бейнелеп беруі, адамдардың жан-сезімін, көңіл-күйін сыршылықпен жеткізудегі ұтымдылығы, табиғатты сезімталдықпен қабылдауы кез келген оқырманды қызықтырады. Қадыр Мырза Әлидің әр кезеңдерде жазған шығармаларының лирикалық кейіпкері, негізінен алғанда, ой-қиялы жетілген жаңаша жан-сезімінен пайда болған жаңа адам. Қасаң қағидада қатып қалмай, бірде тарих, бірде халық бейнесінде, бірде қазақтың кең сахарасын кезіп кетіп, тұтасқан дала кейпінде көрінеді.

1969-1990 жылдар аралығында Кеңес ғалымдары мен Моңғолия ғалымдарының бірлесіп жүргізген экспедициясының (жетекшісі С.Кляшторный мен Қ.Сартқожаұлы) нәтижесінде түркі руна жазулары табылып оның ғылым айналымына қосу ісі бас-талды (Василев, 1976: 86-101). Қазан төңкерісіне дейін қазақта жазу-сызу болмаған деген тектес ой-тұжырымдарды көне түркі жазбаларының табылуы сейілткен еді. Қадыр Мырза Әли кемелденген шағында аталып өтілген көне түркі руна жазуларымен турасында публицистикалық жанрда жазылған жазбалармен танысып, оларды әдеби нұсқаға айналдыру мүмкіндігіне ие болды. Ақын келтірген әдеби нұсқадағы «Күлтегін» және «Тоныкөк» жыр жолдары ашық та айқындылығымен, нақтылығымен ерекшелене отырып, оқырманын беймәлімге толы түркі дүниесі сәлеміне жетелейді.

Соноу бастан, о бастан
Бір-біріне жарасқан
Жаралғалы Қара Жер,
Естеби мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышын дүниенің
Соларменен санасқан

(Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі рун жазбалары, 2001: 11).

Міне өлең «жаралғалы қара жер, жаралғалы көк аспан» деп қазақияның түп тұқиянына сүңгітіп, түркі қағандығының құрылғанына қарайлатады. Бұл жөнінде тарихшы ғалым Х.Әбжанов та былайша тұжырым айтады: «Тарихи сананың биік деңгейге көтерілгені Күлтегін ескерткіші мәтінінде оқиғалар барысы мен нәтижесін айна қатесіз баяндаудан байқалады. Түркі мемлекетінің іргесін қалаған Бумын мен оның інісі Естеми қағандардан тартып (VI ғасырдың ортасы), 732 жылға дейінгі аралықта орын алған саяси үрдістерді, халықаралық ахуалды, этникалық-территориялық өзгерістерді, ел тағдырына тікелей әсер еткен басқа да факторларды хронологиялық тәртіппен тізуі осыған дәлел» (Әбжанов, 2001: 135). Қ.Мырза Әлидің «Күлтегін Тоныкөк: ежелгі түркі рун жазбалары» еңбегінің әдеби нұсқасын жасауы қазақ әдебиетіндегі жаңа жанрға ұқсас жаңалық, бұл ұлы ұлтын, халқын ойлаған ақынның қолынан келетін ерлікке толы әрекет. Зерттеуші Б.Жәнібекованың

мақаласында қазақ әдебиетінде көрініс тапқан ұлттық құндылықтарымыздың түрлі шеберліктермен бейнеленуі, жол тауып насихатталуы шетелдіктер үшін аса маңызға ие болғандығы сөз егіледі (Zhanibekova and Beisenova, 2021: 204-210). Қай ғасыр, қай заманда болсын ақындар халқының қадірлісі, даңқты азаматы туған елінің ақ бетінің ары саналған. Нағыз ақындар өзінен бұрын халқының қамын ойлаған, жұртының жоғын жоқтаған, қашанда әділдікке араша тұрып, ел мүддесін қорғаған. Ақындардың ақындығын ғана әйгілеп қоймай, олардың қандай адам, қандай азамат екенін танытатын таразысы азаматтық негізде жазылған жалынды жырлары.

5. Қорытынды

Этномәдени құндылықтар – тұрақты, берік орныққан атамзаманнан мұраға қалған, ел ішінде қолдау тапқан, адамдардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасынан жалпы адамға ұялаған мәдени қағидат. Дәстүр мен әдет ғұрыптардың маңыздылығы қоғамдық жүйеге ене отырып, қоғамдық реттеуіш функциялар әрекетін де орындай алуымен қатар, танымдық және тәрбиелік функциялар қызметін де атқара алады. Өміршең дәстүрлерді ұстану қалыптасқан әдеттерді ғана емес сонымен бірге адамзаттың ішкі дүние иірімдерінде де өрбитін патриоттық сезімдерін де нығайтады.

Қадыр Мырза Әли қазақ әдебиетіндегі поэзияға аса жоғары білімділікпен, шыңырауда шыңдалған шеберлікпен, ана сүтімен суарылған сұлулықпен, таразыланған тарихымен, ұлық ұлыс – ұлт қамымен, қырағы халық көзімен, дараланған салт-дәстүрімен, қазақ құндылығымен келді. Ақын бұрын елдікті, халықтықты, тәуелсіздікті аңсау сарынында жазған болса, ал тәуелсіздік алған соң ақын жылдар бойғы өз позициясын ашық, жария түрде айтты. Оны тәуелсіздік жылдары жарыққа шыққан өлең жолдарынан аңғарамыз. Өлеңдеріндегі батыл айтылған ақын сөздері – кезек күтіп тұрған зерттеу жұмысы.

Әдебиеттер:

1. Amankulova L.A., Kospagarova A.K., Eker G.Ö. Ethnocultural values in contemporary kazakh poetry (based on the work by poet A. Shegebay) // «Керуен». – 1(82). – 2024. – Б.211-219. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-17>
2. Әбжанов Х.М. Күлтегін жазуы: тарихи сана мен таным. – Алматы: Ғылым, 2001. – 135 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 40-том. – Алматы: «Жібек жолы», 2014. – 280 б.
4. Василев Д.Д. Памятники тюркской рунической письменности Азиатского ареала // Советская археология. – №1. – 1976. – с. 82-101
5. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттану: Оқулық. – Алматы: Паритет, 2005. – 416 б.
6. Zhanibekova B., Beisenova Z. (2021). Anuar Alimzhanov's Aesthetic Position and its Artistic Realization. International Journal of Society, Culture & Language, 9 (2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries)). – P. 203-211. https://www.ijscsl.com/article_245959_22fa569e4809ed48ffa3f70c98d3bb77.pdf
7. Жанаева Ш.А. 1960-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ.Мырза Әли шығармашылығы. фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2007. – 136 б.
8. Карбозов Е.К., Мамежанова Ө.Е. 1960-1980 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №4. – 2023. – Б.190-202. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.13>.
9. Күлтегін Тоныкөк: ежелгі түркі рун жазбалары. Әдеби нұсқасын жасаған Қ.Мырза Әли. – Алматы: Өлке, 2001. – 144 б.

10. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. Кеңес дәуірі (1956-1990). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 992 б.
12. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998. – 198 б.
13. Қоңырбаева С. Этномәдени құндылықтар негізінде отбасылық өмірге даярлау. Монография. – Алматы: Отан, 2016. – 180 б.
14. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1: Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
15. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.2: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 432 б.
16. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.3: Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1989. – 432 б.
17. Мырзалиев Қ. Қылыш пен қанжар. Өлеңдер кітабы. – Алматы: Жалын, 1991. – 288 б.
18. Oskan A., Qamzabekuly D., Nuriman B. «Alikhan Bokeikhan's Literary Preservation of Kazakh Identity Against Colonial Ideology. // *«Kritika Kultura»*. – N45, Article 2. – 2024. DOI: <https://doi.org/10.13185/1656-152x.1030>
19. Рахметова Р., Назарбекова А. Этномәдени бірліктерді оқытудағы этнопсихолінгвистикалық тәсілдердің тиімділігі // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. – №1(75). – 2021. – Б.41-46. <https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/551>
20. Тілеубердиев Қ.М. Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы табиғат және экология мәселелерінің көркемдік шешімі. фил. ғыл. канд. дисс. – Түркістан, 2004. – 170 б.
21. Ыбырайым Б. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Дәуір, 2022. – 384 б.

References:

1. Amankulova L.A., Kospagarova A.K., Eker G.Ö. (2024). Ethnocultural values in contemporary kazakh poetry (based on the work by poet A. Shegebay). «Keruen», Vol 1 (82). – p. 211-219. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-17> (in Eng.)
2. Abjanov H.M. (2001). Kultegin's writing: historical consciousness and cognition. Almaty: Gylym. – P. 335. (in Kaz)
3. Auezov M. (2014). A complete collection of his works in fifty volumes. 40-tom. Almaty: «Jibek jol». – 280 p. (in Kaz)
4. Vasilev D.D. (1976). Monuments of the Turkic runic script of the Asian area. Sovetskaia arheologia. №1. – P. 82-101 (in Russ).
5. Gabitov T. H. (2005). Cultural science: Textbook. Almaty: Raritet. – P.416. (in Kaz)
6. Zhanibekova, B. and Beisenova, Z. (2021). Anuar Alimzhanov's Aesthetic Position and its Artistic Realization. International Journal of Society, Culture & Language, 9 (2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries) – P. 203-211. https://www.ijscel.com/article_245959_22fa569e4809ed48ffa3f70c98d3bb77.pdf (in Eng)
7. Zhanaeva Sh. A. (2007). Kazakh children's poetry of the 1960s and 80s and the work of K. Mirza Ali. Cand. of philological Sciences diss. Almaty. – 136 p. (in Kaz)
8. Karbozov E.K., Mamezhanova A.E. (2023). National worldview and traditions in Kazakh poetry in the 1960-1980. Eurazia humanitarlyq institutyńyń habarşysy. №4. – P.190-202. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.13> (in Kaz)
9. Kultegin Tonykok: Ancient turkic runic inscriptions (2001). Literary version by Kadyr Mirza Ali. Almaty: Olke. – 144 p. (in Kaz)
10. Kishibekov D. (1999). Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow. Almaty: Gylym. – 200 p. (in Kaz).
11. History of Kazakh literature (2005). On tomдық. 9-том. Kenes dauırı (1956-1990). Almaty: QAZAqparat. – p.992.
12. Qirabaev S. (1988). Kazakh literature in the Soviet era. Almaty. – 198 p. (in Kaz)
13. Qoñyrbaeva S. (2016). Preparing for family life on the basis of ethno-cultural values. Monografia. Almaty: Otan. – 180 p. (in Kaz)

14. Myrzaliev K. (1989). Collection of works in three volumes. T.1: Olender men poema. Almaty: Zhazushy. – 448 p. (in Kaz).
15. Myrzaliev K. (1989). Collection of works in three volumes. T.2: Olender. Almaty: Zhazushy. – 432 p. (in Kaz).
16. Myrzaliev K. (1989). Collection of works in three volumes. T.3: Olender. Almaty: Zhazushy. – 432 p. (in Kaz).
17. Myrzaliev K. (1991). Sword and dagger. Olender kıtaby. Almaty: Zhalyn. – 288 p. (in Kaz).
18. Oskan A., Qamzabekuly D., Nuriman B. (2024). «Alikhan Bokeikhan's Literary Preservation of Kazakh Identity Against Colonial Ideology. Kritika Kultura. – N45. Article 2.DOI: <https://doi.org/10.13185/1656-152x.1030>
19. Rahmetova R., Nazarbekova A. (2021). Efficiency of ethnopsycholinguistic approaches in teaching ethno-cultural units. Abai atyndagy QazÜPU habarşysy, Filologia seriasy. №1(75). – 41-46 p. <https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.06> (in Kaz).
20. Tleuberdiev K. M. (2004). Artistic solution of problems of nature and ecology in the works of Kadyr Myrzaliyev. Cand. of philological Sciences diss. Turkıstan. – 170 p. (in Kaz)
21. Ybyraiym B. (2022). Kazakh poetry in the 20th century. Almaty: Daur. – 384 p. (in Kaz)